



«БЕКІТЕМІН»

Алматы облысының білім
басқармасының басшысы

С. Беспалева

«04» қыркүйек 2023 жыл

Республикалық жалпы орта білім беретін мектеп оқушылары
арасында өтетін Төлеген Айбергенов оқуларының
ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелері

1.1. Осы Ереже жалпы орта білім беретін мектеп оқушыларының арасында өткізілетін республикалық Төлеген Айбергенов оқуларының мәртебесін, мақсаттары мен міндеттерін айқындайды.

1.2. Жалпы орта білім беретін мектеп оқушылары арасында өткізілетін республикалық Төлеген Айбергенов оқуларының міндеттері мен мақсаттары:

1.3. Республиканың жалпы орта білім беретін мектеп оқушылары арасында Төлеген Айбергеновтың шығармаларын насихаттау;

1.4. Республикалық жалпы білім беретін мектеп оқушыларының шығармашылық қабілеттерін, эстетикалық талғамдарын, тума талант, табиғи дарындарын анықтау;

1.5. Оқушылардың поэзияға, өнерге деген құштарлығын арттыру, өлең сөзінің құдіреті мен қуатын жанымен сезініп, жүрегімен түсіне білуге, ой-пікірлерін ғылыми тұрғыда дәйекті жеткізе алуға баулу;

1.6. Жас талапкер ақындарға элеуметтік-рухани қолдау көрсетіп, шығармашылық жұмыс түрлерін жандандыру. Жас буынның тарихи танымдарын, демократияға және азаматтыққа бағдарланған дүниетанымдары мен сана-сезімдерін, өмірге көзқарасын қалыптастыру.

2. Төлеген Айбергенов оқуларына қатысушылар

2.1. Төлеген Айбергенов оқуларының Республикалық кезеңіне әр облыстағы өткізілген байқаудан жеңіп шыққан 5-11(12) сынып оқушылары қатыса алады.

2.2. Әрбір облыстағы білім беру ұйымдарында өткізілген республикалық Төлеген Айбергенов оқуларының Ережесі бойынша әр номинациядан 1 (бір) оқушы, облыс бойынша барлығы 5 (бес) үміткер ұсынылады.

2.3. Қатысушының аты-жөні, номинация атауы, облысы, ауданы (қаласы), мектебі, сыныбы, жетекшісінің аты-жөні, телефоны туралы толық мәліметі бар тапсырысты Алматы облысы білім басқармасының «Жас дарын» облыстық дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау оқу-әдістемелік орталығына naku_abai@mail.ru (Қосымша ақпарат үшін: +7-747-33-88-616 Нарық Қимадиұлы) жіберулері керек.

2.4. Байқаудың республикалық кезеңі 2023 жылдың қазан айында Алматы қаласында өтеді. (Өтетін күні қосымша хабарланады)

2.5. Республикалық Төлеген Айбергенов оқуларының республикалық кезеңіне Алматы облысынан бірнеше оқушылардың қатысуға құқығы бар.

3. Республикалық Төлеген Айбергенов оқуларының шарттары

3.1. Республикалық байқауға қатысатын оқушы поэзияны сүйетін, оны поэтикалық тұрғыда талдай білетін, эссе жаза білетін, поэзиялық шығарма негізінде иллюстрация жасай алатын, ән салу өнеріне бейімі бар, өлеңді көркем мәнерлеп оқитын қабілеті, әрі ақындық талабы бар облыстық байқаудың жүлдегері болуы шарт. Үміткер ақиық ақын Төлеген Айбергеновтың өмірі мен шығармашылығын, әрі өлеңдерін мүмкіндігінше жатқа білуі керек және кез-келген өлеңін талдай алуы қажет. Сонымен бірге, талапкер өз шығармашылық қабілетін танытуы керек.

Төлеген Айбергенов оқулары 5 бағыттан тұрады:

1. «Өз ғасырым өзімнің иінімде...» айдарында үміткер Төлеген Айбергеновтың шығармашылығынан жатқа білетін өлеңдерінің тізімін әкеліп алдын-ала қазылар алқасына ұсынады. Өз еркімен бір өлеңді мәнерлеп жатқа оқиды. Ұсынылған тізімнен қазылардың нұсқауымен кез-келген өлеңді жатқа оқиды. Қазылар тізім бойынша бірнеше өлеңді жатқа айтуын ұсынады. Үміткердің жатқа білетін өлеңдерінің санына және мәнерлеп, көркем оқылуына баға қойылады.

Ескерту: Егер қатысушы қазылар ұсынған өлеңді жатқа, мәнерлеп айта алмаса, ұпайы кемиді.

Бағалау критерийі:

- тіл тазалығы, сөздердің дыбысталу заңдылығын бұзбауы;
- екпінді дұрыс қоя білуі
- автордың ойын көпшілікке түсінікті жеткізуі;
- жатқа білетін өлеңдер саны;
- сахналық мәдениеті;

2. «**Барады кең дүние әнге айналып**» - ақын өлеңдеріне жазылған 1 әннен ұстаз-шәкірт боп дуэт орындау (1 оқушы, 1 мұғалім)

Бағалау критерийі:

- орындалатын шығарма дуэт яғни екі дауыста орындалуы;
- әннің сөзін дұрыс айтуы, автордың сөздерін ауыстырмауы;
- репертуар тандау шеберлігі;
- тембры, артикуляциясы
- сахналық мәдениеті, өзін-өзі ұстауы.

3. «**Жүрегімнің лапылдаған отымен**» айдары бойынша оқушы өз шығармашылығынан ақынға арнаған бір өлеңін оқиды. Сонымен бірге (*кітапшасын ұсынады*) қазылардың нұсқауымен бір өлең оқиды. Оқушы өз шығармасын жатқа оқуы шарт.

Бағалау критерийі:

- тақырыпқа сәйкестігі, жүйелілігі;
- оқушы өлеңінің мазмұны мен көркемдік қуаты
- тың тақырыптарды көтеруі (екінші өлең үшін)
- ерекше ұйқасы мен құрылымы
- сөйлеу мәдениеті, сахнада өзін-өзі ұстауы.

4. «**Толқиды бір кеудемде кернеген шер**» – сайыс басталған сәтте ұйымдастырушылар ұсынған тақырыпта эссе жазады, дескрипторы беріледі (1 оқушы)

5. «Шын дос болсаң бір келіп сырласып кет» - үй тапсырмасы яғни Т. Айбергеновтың бір өлеңіне қатысушы үйден қолөнер немесе бейнелеу өнері жанрында иллюстрация жасап әкеледі, арнайы көрмеге орналастырады, қорғайды, қажет жағдайда сұраққа жауап береді, қосымша сурет салады (1 оқушы)

4. Қаржыландыру

4.1. Республикалық Төлеген Айбергенов оқуларының облыстық, аудандық, қалалық кезеңдерін қаржыландыруы тиісті білім органдары жүзеге асырады.

4.2. Республикалық Төлеген Айбергенов оқуларына қатысушылардың жолда жүруге байланысты шығындарын, жіберіп отырған мекеме көтереді.

4.3. Республикалық Төлеген Айбергенов оқуларына қатысушылардың (оқушылардың жатын орны, тамақтануы) марапаттау мен бағалы сыйлықтар алуға байланысты шығындарын Алматы облысының білім басқармасы көтереді.

5. Жұмыс органдары

5.1. Республикалық Төлеген Айбергенов оқуларының шешуші соңғы кезеңін дайындау және өткізу жөніндегі ұйымдастыру жұмыстарын жүзеге асыру және үйлестіру мақсатында Алматы облыстық білім басқармасының бұйрығымен ұйымдастыру комитеті құрылады.

5.2. Республикалық ұйымдастыру комитетінің құрамына облыстық білім басқармасы мен облыстық білім ұйымдарының қызметкерлері, тиісті аудандық білім бөлімдерінің жетекшілері енгізіледі.

5.3. Төлеген Айбергенов оқуларының соңғы кезеңін өткізуді ұйымдастыру комитеті:

- Төлеген Айбергенов оқуларын өткізудің жалпы тәртібін белгілейді;
- Тікелей басшылық жасауды жүзеге асырады;
- Төлеген Айбергенов оқуларының материалдарын баспасөзге жариялауға береді.

5.4. Республикалық ұйымдастыру комитетінің төрағасы Алматы облысының білім басқармасының басшысы.

6. Қазылар алқасы

6.1. Төлеген Айбергенов оқуларының қазылар алқасы құрамы төрағадан, хатшыдан және алқа мүшелерінен тұрады.

6.2. Қазылар алқасының құрамын облыстық ұйымдастыру комитетінің ұсынуы бойынша Алматы облысы білім басқармасының басшысы бекітеді.

Қазылар алқасы:

- талапкердің өнеріне талдау жасайды және 10 балдық жүйемен бағалайды;
- қатысушылардың өнерін бағалаудағы мәселелерді талқылайды және қажет болған жағдайда тиісті түзетулер енгізеді;
- жеңімпаздарды анықтайды және жүлделі орындарды белгілейді.
- Алматы облыстық білім басқармасына республикалық Төлеген Айбергенов оқуларының қорытындысы бойынша есеп береді.

7. Республикалық Төлеген Айбергенов оқуларының жұмысын қорытындылау және қатысушыларды марапаттау

7.1. Төлеген Айбергенов оқуларының ашылуы және қорытындылануы, жеңімпаздарды марапаттау рәсімі салтанатты түрде өтеді.

7.2. Аудандық /қалалық және облыстық Төлеген Айбергенов оқуларының жеңімпаздары әр бағыт бойынша I, II, III дәрежелі дипломдармен марапатталады.

7.3. Төлеген Айбергенов оқуларының республикалық кезен жүлдегерлері қазылар алқасының шешімімен әр номинация бойынша 6 жүлделі орын белгіленеді: 1 орын (біреу), 2 орын (екеу), 3 орын (үшеу).